

Құрман орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында 7 сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

2023-2024 оқу жылын 7-класта 20 оқушы бастады. Оның 11-і қыз бала, 9-ы ұл бала. Оқу жылының басында класс белсенділері сайланып, міндеттері бекітіліп берілді. Оқушылардың құжаттары толтырылған. Денсаулықтары жақсы. Ыссы тамақпен 3 оқушы (Сағынова Ш., Сәндібекова Ш., Нұрберген И.) қамтамасыз етілді. Көп балалы жанұя – 10. Кластың білім сапасы – 40%. Класта себепсіз сабақ жіберген, тәртіп бұзған, сабақтан кешіккен оқушылар жоқ. Оқушылардың жеке бас тазалығы жақсы, жекелеген оқушыларға ескертулер берілді. Кейбір оқушылар денсаулығына байланысты дәрігерден анықтамаларын тапсырды. Оқушылар мектепшілік барлық шараларға белсене араласты.

Сыныпта тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу» мақсатын басшылыққа ала отырып және ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР «Бала құқығы туралы» Заңы, «Бала құқығы туралы» Конвенция, ҚР «Тіл туралы» Заңы, ҚР «Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңы, т.б. нормативті – құқықтық құжаттардың негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар жасалынып бекітілді. Жылдық жоспарға сәйкес іс-шаралар өз уақытында өткізіліп отырды. Атап айтқанда, 1 қыркүйек білім күні «Мектеп – мейірім мекені», «Әдептілік – әдемілік» («Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы), «Отбасым – бақыт мекенім» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы), «Жол ережесін білу – бәріне міндет» Еріктілер ұйымын құру («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы), «Еңбек түбі - береке» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы), 1 қазан - Қарттар күні «Қарттарым бар қазыналы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы), 5 қазан – Мұғалімдер күні «Ұстаз- ұлы тұлға», «Қыздарға әсемдік жарасады», «Теңге – тәуелсіздік символы», 25 қазан – Республика күніне орай «Менің елім» сынып сағаттары өткізілді. «Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) кеш ұйымдастырылды. Мектепшілік «Ұстаз – ұлы тұлға» атты іс-шараға сәйкес ұйымдастырылған КВН-де оқушылар белсенділік танытып, кластың «Біз бармыз» командасы 1-орын иеленіп, кубокқа ие болды. Аудандық «Бала би» байқауынан Сапаров И. Алғыс хатпен және бағалы сыйлықпен марапатталды. Күрестен ауданаралық сайыста Дүйсенбай Ж. 1 орын иеленсе, аудандық «Зерде» байқауынан Бағланқызы Ж. мақтау қағазымен марапатталды. Бітімәлі А., Құттымұратова Х., Орынбаева Н., Мәтжан Е., «Кенгуру» ойын-конкурсынан 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Оқушылар мектепшілік барлық шараларға белсене араласты. Атап айтсақ, «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» атты тілдер апталығында өткен «Әдебиет – халықтың рухани байлығы» танымдық сайысында «Әдебиет көшбасшылары» тобы 2-орын иеленсе, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында жүзеге асырылатын «Ақтөбе жастары» жобасының іс жоспары негізінде өткен волейболдан қыздар тобы командалық 2-орынмен марапатталды. «Ақтөбе жастары» жобасының іс-шаралар жоспары аясында өткізілген «Қызықtimes» сайысында «Көңілді» номинациясымен, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында жүзеге асырылатын «Ақтөбе жастары» жобасының іс жоспары негізінде өткен «Жайдарман» сайысында «Көрермендер көзайымы» номинациясымен кластың «Позитив» командасы марапатталды.

Сынып оқушылары ішінен Құттымұратова Х. «Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл» олимпиадасының аудандық кезеңінен 3-орын, облыстық кезеңінен 3-орын иеленді, «9 айға 9 іс-шара» жобасы бойынша Республикалық ұлттық ойындар челленджі аясында «Бес асық» ойынына қатынасып, Бағланқызы Ж. 3-орын, Еділқызы А. 2-орын, Нұрберген И. 1-орын, асық атудан Рысқалиев М. 1-орын, Төреғалиев Н. 2-орын иеленіп, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында жүзеге асырылатын «Ақтөбе жастары» жобасының іс жоспары негізінде өткен волейболдан Бағланқызы Ж. «Үздік қорғаушы» номинациясымен марапатталды.

Сынып сағаттары «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу» мақсатын басшылыққа ала отырып және ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР «Бала құқығы туралы» Заңы, «Бала құқығы туралы» Конвенция, ҚР «Тіл туралы» Заңы, ҚР «Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңы, т.б. нормативті – құқықтық құжаттардың негізінде өз уақытында өткізіліп отырды. Атап айтқанда, 6 қарашада «Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы), 13 қарашада «Арыңды жасыңнан сақта» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы), 20 қарашада «Үнемділік пен ысырапшылдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы), 27 қарашада «Менің отбасым – менің байлығым» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы), 4 желтоқсанда «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) ашық сынып сағаты, 11 желтоқсанда «Тәуелсіздікке 32 жыл», 25 желтоқсанда «Мен – еріктімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) сынып сағаттары өткізілді.

Ата-аналарды қолдау бағдарламасы бойынша берілген «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер. Бала жүрегіне жол табу» тақырыбы негізінде «Бала тәрбиесі баршамызға ортақ» баяндамасы оқылып, «Бала жүрегіне жол табу» атты тренинг өткізілді.

«Жаңа Қазақстан» тақырыбында өткізілген мектепшілік «Көңілді тапқыштар» сайысында «Күлкіашар» командасы 1-орынды жеңіп алса, 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күніне арналған «Наурызым – нақыл жыр» атты мерекелік шарада 2-орын иеленді.

Сынып оқушылары ішінен Бітімәлі А. аудандық М.Мақатаев оқулары байқауынан Мақтау қағазы, 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде география пәні бойынша жүлделі 2-орын, Сапаров И. Қазақстан тарихы пәні бойынша 2-орын алды. Матжан Е. «Туған ауылым – мақтанышым» атты облыстық эссе байқауынан 2-орын, мектепшілік «5 минут кітап оқы, 20 минут эссе жаз» байқауынан 1-орын, Дүйсенбай Ж. аудандық қыздар арасындағы күрестен 1-орын, облыстық кезеңінен 1-орын алып, республикалық кезеңіне қатынасып келді. Қанатұлы С. пен Болатбекұлы С. аудандық теннис сайысынан 2, 3-орындар иеленді. Құттымұратова Х. облыстық «Жұлдызай» би байқауынан 1-орын, мектепшілік «5 минут кітап оқы, 20 минут эссе жаз» байқауынан 2-орын, Сағынғалиев А. Алғыс хат иеленді.

Сынып сағаттары «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша өз уақытында өткізіліп отырды. Атап айтқанда, 9 қаңтарда «Туған өлке ақындарының шығармалары», 15 қаңтарда «Парасаттылық – асыл қасиет» («Оқуға құштар мектеп» жобасы), 22 қаңтарда «Мейірім құндылығы», 29 қаңтарда «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері», 5 ақпанда «Мақал – сөздің азығы азығы, жұмбақ – ойдың қазығы», 12 ақпанда «Тарихқа тағзым», 19 ақпанда «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті», 26 ақпанда «Отаншылдық деген не?», 4 наурызда «Үміт сәулесі» («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы), 11 наурызда «Бәрі де ана, бір өзіңнен басталады», 18 наурызда «Таным. Тағылым. Тәрбие» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы) сынып сағаттары өткізілді.

Ата-аналарды қолдау бағдарламасы бойынша берілген «Әр нәрсенің өлшемі бар...», «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады? тақырыбы негізінде сабақ өтті.

«Ғажайып әлемге кемел біліммен» атты жаратылыстану апталығында физика пәні бойынша «Физика әлемінде» сайысынан жүлделі 2 орын алған «Архимед» тобы марапатталды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша өз уақытында «Достық – көмекпен мықты», «Ұмыт болған ұлттық тағамдар», «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра», «Қоқысты қайта өңдеу процесі», «Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі», «Қазақстан – достықтың мекені», «Жеңіс деген шат күлкісі баланың», «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» сынып сағаттары өткізіліп тұрды.

Республикалық «Жұлдызай» шығармашылық байқауының облыстық кезеңіне қатысып, шығармашылық қабілетін көрсете білгені үшін Құттымұратова Х. 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Сынып жетекшісі: Мединаева Г.М.